

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН  
МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ  
ТҮЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 23 ж. «29» 06

БСН 200590004151

№ 2884-2925-КАВ-АВ

БАСТАПҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 2020 ж. «11» 05

Атырау облысы әкімдігінің  
2023 жылғы «16» мамыр  
№ 72 қаулысына  
қосымша

Атырау облысы әкімдігінің  
2011 жылғы «22» қыркүйектегі  
№273 қаулысымен  
бекітілген

**«Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы»  
акционерлік қоғамының  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. Жалпы ереже**

1. «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамның (бұдан әрі - Қоғам) осы жарғысы оның атауын, тұрғылықты орнын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыретін, қайта құрылу және қызметін тоқтату жағдайын және Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да ережелерін айқындайды.

2. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес заңды тұлға болып табылады, жеке балансы, банкте есеп-шоты болады, өз атынан мүліктік және мүліктік емес құқықтарды іске асыруға, міндеттер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

3. Қоғамның өз атауы бар бланкілері өз қызметін атқару үшін қажетті басқа да реквизиттері болады.

4. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясының, Азаматтық кодексін, «Акционерлік Қоғам туралы» Заңы (бұдан әрі - Заң), басқа да Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін және де осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

6. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте Қоғам оның тұрғылықты жерінен тыс жерлерде орналасқан, Қоғамның атынан және тапсырмасымен олар туралы ереже негізінде әрекет ететін, заңды тұлға болып табылмайтын филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

**2. Қоғамның атқарушы органының атауы мен оның  
тұрғылықты жері**

7. Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде: «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Атырау»;

8. Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде: «Атырау» ӘКК» АҚ;

орыс тілінде: АО «СПК «Атырау»;

9. Қоғамның атқарушы органының тұрғылықты жері: 060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Қ. Сәтпаев көшесі, 23 «Б» үй.

Қоғам орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.

### 3. Қоғамның мақсаттары мен қызметінің түрлері

10. Қоғамның негізгі қызметі мемлекеттік және жеке секторларды шоғырландыру арқылы Атырау облысының экономикалық дамуына жәрдемдесу болып табылады.

11. Қоғам қызметінің түрлері:

- 1) Экономикалық қызметті тиімді жүргізуді реттеу және жәрдемдесу;
- 2) Қоғамның жарияланған акцияларын төлеуге берілген мемлекеттік активтерді басқарудың тиімді жүйесін құру;
- 3) инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;
- 4) кластерлік өндірісті дамыту және жаңа технологияларды енгізу жолымен шағын және орта бизнестің өнімділігін арттыруға жәрдемдесу;
- 5) инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 6) әлеуметтік саланы дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу және іске асыруға қатысу;
- 7) Қоғамның жарияланған акцияларын төлеуге мемлекет берген ұйымдарды оңалту және қайта құрылымдау жөніндегі жобаларды әзірлеу және іске асыру немесе олардың негізінде жаңа өндірістерді құру;
- 8) бизнес-жобаларды, оның ішінде концессиялардың және кластерлік бастаманың негізінде іске асыру, концессиялық ұсыныстар бойынша, конкурстық құжаттама бойынша, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдер бойынша, концессия шарттары жобалары бойынша, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде қорытындылар әзірлеу бойынша сараптама жүргізу;
- 9) шағын және орта бизнесті дамыту үшін институционалдық жағдайлар жасау;
- 10) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде бәсекеге қабілетті, экспортқа бағдарланған өндірістер құру;
- 11) жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестиция есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бойынша

бюджеттік инвестициялар мен жергілікті бюджеттік инвестициялық жобаларды экономикалық бағалау және экономикалық сараптау;

12) мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде іске асырылатын инвестициялық жобаларды жасақтау және оларға қатысу;

13) әлеуметтік инфрақұрылымдық және концессиялық жобаларды іске асыру;

14) жергілікті бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестиция есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы бойынша бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру және бақылау;

15) ілеспе өндірістерді дамытуды және оларды қазіргі заманғы техникамен, технологиялық жабдықтармен, қаражатпен, ақпараттық және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуді қосқанда тамақ өнеркәсібі саласында қызметін жүзеге асыру.

Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

#### 4. Қоғам акционерлерінің құқықтары мен міндеттері

12. Қоғам акционерінің:

1) Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, Заңға сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;

3) дивидендтер алуға;

4) мыналарды:

талап қою күніне қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жарияланған;

соңғы үш жыл ішінде қайта сұратылған (акционер бұрын сұратқан ақпарат толық көлемде ұсынылған жағдайда);

орындалуы акционер өтініш жасаған күні жүзеге асырылатын мәмілелер туралы ақпаратты қоспағанда, Қоғам қызметінің (акционер өтініш жасаған күнге дейінгі үш жылдан астам) өткен кезеңдеріне қатысты ақпаратты қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысы айқындаған немесе Қоғамның жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

5) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

6) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

7) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дау айтуға;

8) Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, Заңда

көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың аффилиирленген тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұрау салу келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

10) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;

12) акционерлердің жалпы жиналысының Заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту туралы немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысуға құқылы.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:

Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;

егер Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы.

13. Ірі акционердің, сондай-ақ:

1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

2) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

14. Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда осы Жарғыда белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған кезде Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар.

15. Осы Жарғының 12-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарды жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға орындауға міндетті.

#### 16. Қоғамның акционері:

- 1) акцияларды төлеуге;
- 2) осы акционерге тиесілі акцияларды орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- 3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

### 5. Қоғамның органдары, оларды құру тәртібі

#### 17. Қоғамның органы болып мыналар табылады:

- 1) жоғары орган - акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі Қоғамда - сол акционер);
- 2) басқару органы - директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - Басқарма.

18. Акционерлердің бірінші жалпы жиналысында Қоғамның директорлар кеңесі сайланады. Қазақстан Республикасының заңнамаларында және осы Жарғыда өзгеше көзделмеген жағдайда, директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз ретте қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің құзыреті мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің құзыреті мерзімі жаңа директорлар кеңесін сайлау туралы жиналыс өткен сәттен бастап аяқталады.

Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекеленген мүшелерінің құзыретін уақытынан бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің мүшесінің құзыретін оның бастамасымен уақытынан бұрын тоқтату директорлар кеңесіне жазбаша түрде хабарлау негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің құзыреті аталған хабарламаны директорлар кеңесі алған сәттен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесінің мүшесінің құзыреті тоқтатылған жағдайда, директор кеңесінің жаңа мүшесін сайлау, акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған, кумулятивті дауыс берумен жүзеге асырылады, мұндай жағдайда жаңа сайланған директорлар кеңесінің мүшесінің құзыреті, барлық директорлар кеңесінің құзыретінің тоқтатылуы уақытымен бірге тоқтатылады.

19. Директорлар кеңесі басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімдерін айқындау, оның төрағасын және мүшелерін сайлау, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

### 6. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреті

20. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) осы кодексті қабылдау Қоғамның жарғысында көзделген жағдайда, корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды корпоративтік басқарудың үлгілік кодексіне сәйкес бекіту;

3) артықшылықпен сатып алу құқығын қолданбай, Қоғамның орналастырылатын (өткізілетін) акцияларының немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздардың тәртібін, шекті мерзімдерін және жалпы санын айқындау;

4) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

5) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

7) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

8) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттарын, мерзімдері мен тәртібін айқындау;

9) акцияларды бөлшектеу туралы шешім қабылдау, осындай бөлшектеу шарттарын, мерзімдерін және тәртібін айқындау;

10) өтеу мерзімінсіз мемлекеттік емес облигациялар шығару туралы шешім қабылдау және оларды шығару шарттарын айқындау;

11) есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

12) директорлар кеңесі санының құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау (қайта сайлау) және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының мөлшерін және шарттарын айқындау;

13) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

14) аудиттелген жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

15) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

16) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

17) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

18) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы Қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне

қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

19) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы Қоғамның акционерлерге хабарлау нысанын белгілеу;

20) Қоғам акцияларды осы Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту);

21) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

22) акционерлерге, егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысында айқындалмаса, Қоғам қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау;

23) "алтын акцияны" енгізу және оның күшін жою;

24) нәтижесінде акционерлік Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

25) шешім қабылдау Заңда және (немесе) осы Жарғыда акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Осы тармақтың 1-бөлігінің 2), 3), 4), 5) және 20) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Осы тармақтың 1-бөлігінің 3-5) тармақшасында көрсетілген мәселе бойынша акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

21. Егер Заңда және (немесе) осы Жарғыда өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері Қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

## 7. Директорлар кеңесінің құзыреті

22. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мынадай мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;

2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу нысанын айқындау;

4) осы Заңның 18-бабы 1-тармағының екінші және үшінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде

акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

5) осы Заңның 16-бабының 7-тармағында көзделген жағдайларда Қоғамның акцияларын немесе Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыру (өткізу) туралы шешім қабылдау;

6) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

7) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;

8) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

9) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

10) атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

11) атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

12) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

13) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

14) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

15) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

16) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

17) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

18) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп проценті Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің



(қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

19) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;

20) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

21) жасасу туралы шешім осы Заңның 36-бабы 1-тармағының 17-1) тармақшасына және 73-бабының 3-1-тармағына сәйкес Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

22) Заңда және осы Жарғыда көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Тізбесі осы Жарғының 22-тармағында белгіленген мәселелерді атқарушы органның шешуіне беруге болмайды.

## 8. Атқарушы органның құзыреті

23. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады.

Атқарушы орган Қоғамның Қазақстан Республикасының Заңымен өзге де заң актілерінде және осы Жарғыда Қоғамның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

24. Басқарма төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының және жалақыларына дербес үстеме ақылардың мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлері берілетін сыйлықақы мөлшерін айқындайды;

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды Атқарушы органның мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Атқарушы орган мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік саласын және жауапкершілікті бөледі;

7) Қоғам жарғысында және Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 9. Қоғам органдарының қызметін ұйымдастыру тәртібі

25. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

26. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

1) директорлар кеңесінің;

2) ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының заң актілерінде акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы міндетті түрде шақырылатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

27. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

1) атқарушы орган;

2) онымен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;

3) директорлар кеңесі;

4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, әзірлеу және өткізу жөніндегі шығындарды Қоғам көтереді.

28. Қоғамның органдары акционерлердің жылдық жалпы жиналысын шақырудың осы Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, акционерлердің жылдық жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

Егер Қоғам органдары акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы Қоғамның ірі акционерінің талабын орындамаса, Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы оның талап-арызы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

29. Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында оларды қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы жеткізіледі.

30. Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, директорлар кеңесі Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

31. Директорлар кеңесі Қоғамның жарғысымен басқарманың құзыретіне берілген мәселелер бойынша, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқылы емес.

32. Директорлар кеңесі қабылдайтын шешім veto құқығы белгіленген мәселелер жөніндегі «алтын акция» иесімен келісілуге тиіс.

33. Қоғамның директорлар кеңесі әрқайсысы дауыс беру кезінде бір дауысқа ие 6 (алты) директорлар кеңесінің мүшесінен және оның директорынан тұрады. Директорлар кеңесінің 3 (үш) мүшелері тәуелсіз директорлар болып табылады.

34. Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум директорлар кеңесінің жалпы санының жартысынан кем болмауы болуы тиіс.

Дауыстар тең болған жағдайда, директорлар кеңесінің төрағасының немесе директорлар кеңесінің жиылысына төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

35. Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өздерінің жабық жиылысын шақыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

36. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған сұрақтар бойынша директорлар кеңесінің шешімі сырттай қабылдануы мүмкін.

37. Атқарушы орган акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

38. Атқарушы орган veto құқығы белгіленген мәселелер жөніндегі шешімдері «Алтын акция» иесімен келісілуі тиіс.

39. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Атқарушы органның мүшелері бола алады.

Атқарушы орган 5 (бес) мүшеден тұрады.

40. Атқарушы органның отырысы қажеттігіне байланысты шақырылады, алайда жылына кемінде бір рет болуы тиіс. Шешім Атқарушы орган мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді. Хаттамаға осы отырысқа қатысқан барлық Атқарушы органның мүшелері қол қояды.

41. Атқарушы органның төрағасы директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды және директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

42. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Ол құрылған жағдайда, ішкі аудит қызметі 1 (бір) мүшеден тұрады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және Атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

43. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

## **10. Қоғамның акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының олардың аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты ұсыну тәртібі**

44. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларын туралы есепті осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізеді.

45. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн

ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндетті.

46. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіппен табыс етуге міндетті.

### **11. Қоғамның ақпарат беру тәртібі**

47. Қоғам Заңға және осы Жарғыға сәйкес өз қызметі туралы, Қоғам акционерлерінің мүдделерін қозғайтын ақпаратты өзінің акционерлерінің назарына жеткізеді.

Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің (бұдан әрі – қаржылық есептілік депозитарийі) интернет-ресурсымен қатар Қоғамның қызметі туралы ақпаратты жариялау үшін қосымша Қоғамның ресми сайты пайдаланылуы мүмкін.

48. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам акционерге Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

49. Акционер ақпарат алу мақсатында Қоғамның атқарушы органына жазбаша нысанда өтініш жасайды. Акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алу журналында тіркелуі тиіс. Қоғам акционерге талап етілетін ақпаратты (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) өтініш жасаған күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде беруге міндетті.

Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындау шығыстарының құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

### **12. Қоғамның мүлкі**

50. Қоғамның мүлкі:

- 1) Қоғамның акцияларын төлеуге акционерлер берген мүлік;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістер;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған негіздер бойынша алынған басқа да мүліктер есебінен құралады.

### **13. Акциялар, облигациялар.**

#### **Бағалы қағаздарды орналастыру талаптары**

51. Қоғам жай акциялар, не жай және артықшылықты акциялар шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

52. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қоғам

таратылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті қаржылық жыл қорытындысы бойынша жүзеге асырылады.

53. Артықшылықты акция акционерге мынадай:

1) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеу қоюға дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептелген;

2) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған рынокта осы Заңға сәйкес сатып алған кезде олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер құрылтай жиналысы әдістемені бекітпесе, оны бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қараған;

3) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қараған;

4) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерінде төленбеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға катысу құқығын береді.

54. Акцияларды шығару, орналастыру шарттары, сондай-ақ Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеудің кезеңділігі акцияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

55. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

56. Қоғам қосымша қаражаттар тарту мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес облигациялар шығаруға құқылы.

Облигацияларды шығару, орналастыру шарттары, олармен сыйлық - ақы төлеу, облигацияларды өтеу және оларды таратудан түскен қаражатты пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және облигацияларды шығару проспектісімен белгіленеді.

#### **14. Таза табысты бөлу тәртібі. Акциялар бойынша дивидендтер**

57. Қоғамның таза табысы (салықтарды және басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін) Қоғамның қарауында қалады және акционерлердің жалпы жиналысының анықталған ретте, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе акционерлердің жалпы жиналысымен көзделген басқа да мақсаттарға жұмсалады.

Акционерлердің жалпы жиналысы жыл қорытындысы бойынша жай акциялар бойынша дивиденд төлеу тиімділігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Артықшылықты акциялар бойынша дивиденд төлеу үшін Қоғам органының шешімі талап етілмейді.

Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

58. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса, дивидендтерді есепке жазуға жол берілмейді.

### **15. Қоғамды қайта құру және тарату**

59. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша не Қазақстан Республикасының заңнамаларында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

60. Қоғамды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамалары және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### **16. Қорытынды ережелер**

61. Қоғам өз қызметінде осы жарғыны және Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа алады.

62. Заңды тұлғаның құқықтық қабілеттігі ол құрылған сәттен басталады және оны таратқан сәттен тоқтайды. Қызмет саласы бойынша онымен айналысуға рұқсат алу қажеттігі бар заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттігі ондай рұқсатты алған сәттен басталады, рұқсатты алып қойған, қолданыс мерзімі өткен, оны Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жарамсыз деп танылған сәттен тоқтайды.

Приложение  
к постановлению акимата  
Атырауской области  
от «16» мая 2023 года № 72

Утвержден  
постановлением акимата  
Атырауской области  
от «22» сентября 2011 года №273

**УСТАВ**  
**акционерного общества**  
**«Социально-предпринимательская корпорация «Атырау»**

**1. Общие положения**

1. Настоящий Устав акционерного общества «Социально-предпринимательская корпорация «Атырау» (далее – Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанность, быть истцом и ответчиком в суде.

3. Общество имеет бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

4. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией, Гражданским кодексом, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» (далее - Закон), иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом.

5. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в Уставных капиталах юридических лиц.

6. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

**2. Наименование и место нахождения исполнительного органа**  
**Общества**

7. Полное наименование Общества:

на государственном языке: «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

